

«Әлеуметтік-экономикалық даму және
2022 жылғы қаңтар-желтоқсандағы республикалық
бюджетті орындау қорытындылары туралы»
ҚР Үкіметі отырысындағы
ҚРҰБ Төрағасы *Ғ. Пірматовтың* баяндамасы
Астана қ., 2023 жылғы 11 қаңтар

Құрметті Әлихан Асханұлы!

Құрметті әріптестер!

2022 жыл өте күрделі болды. Оның негізгі себептері: Ресей мен Украина арасындағы соғыс, шикізат тауарлары бағасының өсуі, әлемдегі рекордтық инфляция және соңғы жиырма жылдағы орталық банктердің ең қатаң монетарлық саясаты.

2-СЛАЙД. 2022 ЖЫЛЫ БҰРЫН-СОҢДЫ БОЛМАҒАН ШОК САЛДАРЫНАН ӘЛЕМДЕ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДА ЖАҒАНДЫҚ ІСКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІКТІҢ ТӨМЕНДЕГЕНІ БАЙҚАЛДЫ

Бұрын-соңды болмаған шок салдарынан әлемде және Қазақстанда іскерлік белсенділік баяулады.

Дегенмен, өткен жылдың желтоқсан айында **жағандық іскерлік белсенділік 48-ден 48,2-ге** дейін біршама жақсарды. Бұл өңдеу өнеркәсібіндегі индекстің артуынан және қызмет көрсету саласындағы тұрақтану есебінен болды.

Қазақстанда іскерлік белсенділік индексі теріс аймақта қалуына қарамастан, қарашадағы 48,9-дан желтоқсанда **49,2-ге** дейін **жақсарды**. Іскерлік белсенділікті тежейтін негізгі себеп – логистикадағы проблемалар мен тауар жеткізудегі ұзақтық. **Өндіріс** секторында іскерлік белсенділік жақсарды.

Жалпы, бизнес жүргізудің болашақтағы талаптарына

қатысты кәсіпорындардың күтулері оң болып қалуда. **Ағымдағы бизнес талаптары** әлі де болса теріс деп бағаланып отыр.

Жаһандық іскерлік белсенділіктің өсу перспективасына **геосаяси шиеленіс, жоғары нарықтық құбылмалылық, инфляциялық қысым, энергия бағасының көтерілуі, үй шаруашылығындағы кірістердің** әлсіз өсуі теріс әсер етуде.

3-СЛАЙД. ҚАРЖЫ НАРЫҚТАРЫНДАҒЫ ҚҰБЫЛМАЛЫЛЫҚ САҚТАЛУДА

Орталық банктер ақша-кредит талаптарын күшейтіп отыр: **АҚШ-тың Федералды резервтік жүйесі мен Еуропаның Орталық Банкі** желтоқсан айында негізгі мөлшерлемелерді **4,5%-ға және 2,5%-ға** дейін **50 базистік тармаққа** көтерді. **Жапония Банкі** 10 жылдық мемлекеттік облигациялар кірістілігінің ауытқу диапазонын **+/-25 базистік тармақтан +/-50 базистік тармаққа** дейін кеңейтіп, **жұмсақ ақша-кредит саясатынан бас тартты**. Нәтижесінде мемлекеттік облигациялардың кірістілігі өсті. Соның салдарынан қазіргі таңда **Bloomberg** бақылап отыратын теріс кірістілігі бар әлемдік мемлекеттік облигациялар тізімінде ешқандай ел қалмады.

Инфляцияны тежеу үшін дамыған елдердегі орталық банктердің **ақша-кредит талаптарын күшейтуі 2008 жылы** қаржылық дағдарыс басталғаннан бері **әлемдік нарықта акциялар мен облигациялардың барынша құлдырауына** алып келді.

2022 жылдың қорытындысы бойынша, дамыған елдердің акциялары 19,5%-ға төмендеп, АҚШ-тың 10

жылдық мемлекеттік бағалы қағаздарының кірістілігі 3,87%-ға дейін 2,36 пайыздық тармаққа өсті. 2022 жылы доллар индексі 8,2%-ға өсті.

4-СЛАЙД. 2022 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИНФЛЯЦИЯ ГЕОСАЯСИ ШОК САЛДАРЫНАН ЖЕДЕЛДЕДІ

2022 жылдың желтоқсан айында айлық инфляция **1,2%-ға** дейін баяулағанына қарамастан, **соңғы 5 жылдағы айлық** орташа көрсеткіш **0,7%-дан** айтарлықтай асып түсті.

Жылдық мәнде инфляция **20,3%-ға** жетті. **Азық-түлік** бағасының өсуі инфляцияға зор үлес қосып, жылдық көрсеткіш бойынша **25,3%-ға** жетті. Жеміс-жидек пен көкөніс өнімдері қыс маусымына байланысты қымбаттады.

Азық-түлікке жатпайтын инфляция 19,4%-ға дейін өсті. Импорттың жоғары үлесі бар тауарларға, оның ішінде жеке пайдаланатын тауарларға, жуатын және тазалайтын заттарға, құрылыс материалдарына, дәрі-дәрмекке баға тез өсіп отыр. Әкімшілік реттеу себебінен жанар-жағармай мен 2021 жылғы жоғары база есебінен автокөлік бағасының өсу қарқыны баяулады.

Желтоқсан айында **ақылы қызметтердің** инфляциясы **14,1%** деңгейінде сақталды. Тұрғын үйді жалға алу мен коммуналдық қызметтердің құны өсу тұрғысынан баяулады.

Халықтың инфляциялық күтулері жоғары деңгейді көрсетіп отыр. Былтыр желтоқсан айында халық **күткен** инфляцияның медианалық бағасы **21,3%-ға** дейін өсті.

Геосаяси жағдайдың белгісіздігіне, азық-түлік бойынша бағаның жоғары сақталуына, инфляцияға қатысты халық

күтулерінің жоғары болуына байланысты **2022 жылғы 5 желтоқсанда** Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені **16,75%-ға** дейін көтерді. 2022 жылы қабылданған ақша-кредит саясаты шаралары инфляцияны төмендетуге және оны орта мерзімді перспективада одан әрі тұрақтандыруға ықпал ететін болады.

5-СЛАЙД. ИКЕМДІ БАҒАМ БЕЛГІЛЕУ НАРЫҚТЫҢ ТЕҢГЕРІМДІЛІГІН АРТТЫРАДЫ

2022 жылы геосаяси жағдайдың шиеленісуі және жаһандық қаржы нарықтарындағы қолайсыз ахуал ұлттық валютаның динамикасына теріс әсер етті. Наурыз айында теңге бағамы **512,17** теңгеге дейін әлсірегеннен кейін мамыр айында **414,79** теңгеге дейін нығайды. Жыл қорытындысы бойынша, **теңге бағамы** 1 доллар үшін **462,66** теңгеге дейін **7,1%-ға** әлсіреді.

2022 жылы **квазимемлекеттік** сектор субъектілерінің **5,1 млрд** доллар мөлшеріндегі валюталық түсімді сатуы, республикалық бюджетке **Ұлттық қордан трансферттерді** қамтамасыз ету үшін **4,3 млрд** доллар мөлшерінде валюта сату, Ұлттық Банктің **1,4 млрд** доллар мөлшеріндегі **валюталық интервенциялары** теңгеге қолдау көрсетті.

Теңгенің құбылмалылығы геосаяси **жағдайдың өзгеруіне**, ішкі қатысушылардың **күтулеріне** және **әлемдік нарықтардағы** ахуалға байланысты болады.

Икемді бағам белгілеу валюта нарығындағы жұмыстың тиімділігін арттыруға және **халықаралық резервтерді сақтауға** ықпал етеді.

6-СЛАЙД. МҰНАЙДЫҢ ЖОҒАРЫ БАҒАСЫ АҒЫМДАҒЫ ШОТТЫҢ ЖАҚСАРУЫНА СЕБЕП БОЛДЫ

Өткен жылдағы 9 айдың қорытындысы бойынша, төлем балансының **ағымдағы шоты профицитпен** қалыптасып, **сауда балансының** жақсаруына байланысты **8 млрд долларды** құрады.

Сауда балансының профициті өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда **15,7 млрд долларға** ұлғайып, **29,2 млрд доллар** болды.

Мұнай және газ конденсаты экспортының **36,4 млрд долларға** дейін **63,4%-ға** өсуі есебінен **тауар экспорты 64,2 млрд долларға** дейін **48,4%-ға** ұлғайды.

Тауар импорты 35 млрд долларға дейін **17,5%-ға** өсті.

Шетелдік тікелей инвесторлардың **кірісі 3,3 млрд долларға** ұлғайып, **19,7 млрд долларды** құрады.

Ағымдағы шоттың **профициті тұрақсыз**, өйткені ол шикізат бағасының, ең алдымен, **мұнай бағасының жоғары** болуына байланысты.

7-СЛАЙД. ҰЛТТЫҚ ҚОРДЫҢ АКТИВТЕРІ МЕН ҰЛТТЫҚ БАНКТИҢ АЛТЫНВАЛЮТА РЕЗЕРВТЕРІ

2022 жылы **жалпы халықаралық резервтер 90,8 млрд долларға** дейін **1,1 млрд долларға** ұлғайды.

Алтын-валюта резервтері еркін конвертацияланатын валютадағы активтердің ұлғаюына байланысты былтыр **35,1 млрд долларға** дейін **696 млн долларға** өсті.

Алдын-ала деректер бойынша, **Ұлттық қордың** активтері өткен жылы **55,7 млрд долларға** дейін **403 млн долларға** артты.

Республикалық бюджетке **4,6 трлн** теңгеге трансферттер

бөлу үшін жыл басынан бастап **4,3 млрд** долларға валюталық активтер сатылды.

Дамыған елдердегі орталық банктердің ақша-кредит саясатын күшейту риторикасына байланысты облигациялар мен акциялар нарығы жыл басынан бері едәуір төмендеді. Алайда, қор құрылған сәттен бастап **оның ұзақ мерзімді кірістілігі** жылдық мәнде **3,02%** болды.

8-СЛАЙД. БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІ

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері бір жылда **1,6 трлн** теңгеге немесе **12,1%-ға ұлғайып**, 2022 жылдың соңында **14,6 трлн** теңгені құрады. 2022 жылы инвестициялық кіріс көлемі **914,1 млрд** теңге, зейнетақы жарналары – **1 728 млрд** теңге, зейнетақы төлемдері – **260,8 млрд** теңге, мерзімінен бұрын алу сомасы – **896,3 млрд** теңге болды.

2022 жылы зейнетақы активтерінің кірістілігі **6,55%** болды.

Зейнетақы активтерінің шоғырландырылған сәттен бастап жинақталған кірістілігі **113,7%** инфляциямен салыстырғанда **115,9%-ды** құрады.

Назарларыңызға рақмет!